

Қайырлы күн, құрметті мұражай қонақтары!

Ә.Бөкейханов атындағы тарихи-өлкетану мұражайына қош келдіңіздер! Мұражайымыз 4 бағыт бойынша жұмыс атқарады.

Бірінші бағыт – «Қасиетті - қара шаңырақ» Қазақ халқының негізгі баспанасы киіз. Шаңырақ — қасиетті. Шаңырақ — күннің символы.

Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші — төрт тарапты білдіреді.

Жоғарыда қасиетті қара шаңыраққа күн сәулесіндей шашырап уықтарымыз шаншылған. Киіз үйдің қабырғасы Кереге деп аталады. Сырты киізбен қапталады. Бау басқұрлар, шашақты желбау, түскиіздер үйіміздің көркін ашып, сәнін келтіріп тұр. Үйіміз үй жиһаздарымен жабдықталған. Сандық, құрақ көрпеше, дөңгелек үстел, астау, торсық, қымызқұйғыш, ожау тостаған, бесік. Әжелеріміз қолданған өрнек, күбі, майшайқағыш, ұршықты көре аламыз. Үйіміздің төрінен ұлттық аспабымыз домбыра мен жетіген де орын алған. Оң жақтағы ат әбзелдері ер-тоқым, құйысқан, қамшы, бүркіт жебелер Ата бабаларымыздың аң-аулап саятшылықпен айналысқанын дәлелдейді. Қару жарақ Найза, қалқан жәдігерлері жайгершілікпен айналысқанын аңғартады.

Екінші бағыт – «Алаш көсемі – Әлихан Бөкейханов» Алаш көсемі, көрнекті қоғам қайраткері, Ә.Бөкейхановқа арналады. Ә.Бөкейханов 1866жылы 5 наурызда бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ші ауқылында дүниеге келген. Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі Бөкей-Батыр-Мырзатай-Нұрмұхамед – Әлихан. Бірінші қатарда Алаш көсемінің өмір баяны, фото-суреттері, Алаш көсемі бейнеленген ескерткіш сыйлықтар қойылған.

Екінші қатарда Ғалымның оқу атестаттар мен өзі басшылық еткен газеттер, публистикалық жазбалары, сол кезде баспа беттерінде жарияланған тарихи құжаттар енгізілген. Үшінші қатарда Сол кездегі зиялы қауымдардың фото суреттерін көруге болады. Ә.Бөкейханов өз ортасына сыйлы, зиялы, ғалым болған өмірінің соңғы жылдарын ғылыми зерттеушілік жұмысқа арнады. Сонымен қатар Ә.Бөкейхановтың көп томдық шығармалар жиынтығын көруге болады.

Үшінші бағытымызда «Қазыналы құтты өлкем-Шахтинск» қаламыздың тарихына арналады. 1949 жылы Тентек өзенінің бойында 250тереңдікте Ц.М.Фишман, Л.Ф.Думлер бастаған геологтар бай кокс көмірінің қабатын тапты. Шахтинск қаласының құрылуы жоғары сапалы көмір кен орнының табылуымен тығыз байланысты. Бұрын Долинка селосы, Тентек кенті болған 1961жылы Шахтинск аты берілді.

Ең алғашқы қаланың жобасын жоспарлау 1959жылы «Карагандагипрошахт» институтымен жасалып, 1962ж ҚазКСР Кеңес министрімен бекітілді. Қала аумағы үш зонаға бөлінген: қала қажеттіліктерін қамтамасыз ету, тұрмысқа қажетті шаруашылық, және өндірістік құрылыстардан тұрады. Бұл фото суреттерде қаламыздың алғашқы нысандары бейнеленген 1961ж алғашқы асфальт жол, 1962 ж Би алаңы, 1964 ж Юнасть кинотеатры, ірі дүкендер ашыла басталды. 1967ж Кеншілер сарайы, 1976ж Кеншілер мәдениет сарайы ашылды Сондай ақ бала-бақша, аурухана алғашқы нысандар да осы жерден табуға болады. Бүгінгі таңда қаламыз облысымыз бойынша ірі қалалардың бірі 4 ірі Шахтамыз жұмыс істейді: Казахстанкая, Тентек, Ленина, Шахтинск

Келесі қатарларда қаламыздың қазіргі таңдағы ірі әкімшілік ғимарттар, мешіт-шіркеу, ірі сауда орталықтар, мәдени ошақтарын көре аламыз. Қаламыз туралы естелік кітаптар альбомдар жинағы сақтаулы.

Төртінші бағытымыз, Алтын ұя мектебіміздің тарихына арналады.

1991 ж. № 15 орта мектепте қазақ тілінде оқитын 1-сынып ашылып, 15 оқушы қабылданды.

1992 ж. - № 5 мектеп гимназияда 1 сынып, 14 оқушы. № 6 орта мектепте 1 сынып, 12 оқушы. № 15 орта мектепте 2 сынып, 31 оқушы қабылданып, қазақ сыныптары ашыла бастады.

1993 жылы сол кездегі Шахтинск қаласы білім бөлімінің басшысы-белсене араласуымен, болашақ қазақ мектебіне деп «Снегурочка» балабақшасын берді. Мектеп ашылған кезде «Бастауыш қазақ мектебі» деп аталып, директоры болып білікті ұстаз-Қуатова Айтаңсық Жабатаевна тағайындалды. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 16 ақпан №61 қаулысымен мектебімізге Ә.Бөкейханов есімі берілді.

Бұл стендте Мектебіміздің алғашқы басшылары мен қызмет істеген ұстаздарын көруге болады. Мектеп қабырғасында еңбек еткен ұстаздар туралы, олардың еңбектері, әдістемелік-құралдар, сондай-ақ мектепте білім алған түлектердің жетістіктері туралы мағлұматтар беріледі.

«Үздік оқушы» «Мектеп түлектері» және «Алтын белгі иегерлері» Альбом жиынтығы бар

Педагогикалық ұжым 95 адамды құрайды.

Педагог - модератор - 25 адам Педагог - сарапшы - 16 адам

Педагог -зерттеуші -26 адам ҰБТ 2020-2021 оқу жылында орташа балл 95.

2010 ж. мектеп директоры Арарат Мылтыкбаевич Есмаганбетов тағайындалып, қазіргі уақытқа дейін мектеп директоры қызметін атқаруда. Мектеп директорының ұстанымы - жан-жақты және жаңа оқыту бағдарламасына сай оқушыларымызды тәрбиелеу, білім беру. Оқушыларымыздың болашағы үшін қомақты үлес қосып, мектебіміздің мәртебесін арттыруда көп үлес қосты.. Лицейіміз қаламыздың алдыңғы білім ордасы.

